

2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-1 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 желтоқсанда № 5920 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 4-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 31.03.2021 № 4-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Жәнібек аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2020 – 2022 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 5 999 184 мың теңге;

салықтық түсімдер – 326 467 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 16 415 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 953 мың теңге;

трансферттер түсімі – 5 655 349 мың теңге;

2) шығындар – 6 426 820 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 39 154 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 71 577 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 32 423 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -466 790 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 466 790 мың теңге:

қарыздар түсімі – 353 960 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 32 423 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 145 253 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 11.12.2020 № 50-1 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2020 жылға арналған аудандық бюджет түсімдері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы "2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылдың 13 желтоқсандағы №32-1 "2020 – 2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5896 тіркелген) шешіміне сәйкес қалыптастырылады.

3. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы "2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 299 "2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Жарлығы және Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылдың 13 желтоқсандағы №32-1 "2020 – 2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" шешімі қатерге және басшылыққа алынсын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 18.09.2020 № 47-1 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

4. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің жалпы сомасы 2 170 357 мың теңге көлемінде ескерілсін:

- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге - 139 326 мың теңге;
- балаларға кепілдендірілген әлеуметтік пакетке – 50 921 мың теңге;
- мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға - 2 155 мың теңге;
- техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейтуге - 1 863 мың теңге;
- жалақыны ішінара субсидиялауға - 2 755 мың теңге;
- жастар практикасына – 45 979 мың теңге;
- жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға берілетін мемлекеттік гранттар (100+ 200 айлық есептік көрсеткіштері) – 57 707 мың теңге;
- мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге - 4 366 мың теңге;
- мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға – 29 300 мың теңге;

мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға - 292 087 мың теңге;

мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге - 145 736 мың теңге;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге - 42 226 мың теңге;

Ұзынкөл ауылына кіреберіс жолын орташа жөндеуге 0-2 километр - 85 584 мың теңге;

"Жәнібек-Таловка-Кіші Өзен" автожолын орташа жөндеуге 2-27 километров - 743 583 мың теңге;

Тегісшіл ауылында су құбырының құрылысына – 309 951 мың теңге;

қоғамдық жұмыстарға – 39 737 мың теңге;

Жәнібек ауылында екі қабатты 12 пәтерлі екі тұрғын үй құрылысына – 134 400 мың теңге;

Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеуге – 36 885 мың теңге ;

дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта білім беру және қосымша білім беру ұйымдары педагогтарының ақысын ұлғайтуға – 5 796 мың теңге.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 14.05.2020 № 43-3 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.08.2020 № 46-2 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.11.2020 № 48-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 50-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің жалпы сомасы 119 363 мың теңге көлемінде ескерілсін:

Тегісшіл ауылында су құбырының құрылысына - 70 507 мың теңге;

жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар - 14 447 мың теңге ;

еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға – 3 810 мың теңге;

білім беру ұйымдарында бейнебақылау жүйесін орнатуға – 5 946 мың теңге;

мектептерді санитарлық-гигиеналық қажеттіліктермен қамтамасыз ету – 14 177 мың теңге;

кепілдендірілген әлеуметтік көмекті енгізуге – 7 037 мың теңге;

қоғамдық жұмысқа – 538 мың теңге;

мектептерді кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету үшін және жылдамдықты ұлғайтуға – 2 301 мың теңге.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 31.03.2020 № 41-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.04.2020 № 42-4 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.05.2020 № 43-3 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді); 18.09.2020 № 47-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.11.2020 № 48-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 50-1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5-1. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінетін кредиттер жалпы сомасы – 353 960 мың теңге көлемінде ескерілсін:

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер – 71 577 мың теңге;

Жәнібек ауылындағы жалпы білім беретін А.Оразбаева атындағы негізгі мектебінің спортзалының құрылысына – 126 158 мың теңге;

Талов ауылындағы мәдениет үй ғимаратын күрделі жөндеуге – 45 572 мың теңге;

Жәнібек ауылы Абай көшесіндегі автомобиль жолын күрделі жөндеуге – 110 653 мың теңге.

Ескерту. Шешім 5-1-тармақпен толықтырылды – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 14.05.2020 № 43-3 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 18.09.2020 № 47-1 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 23.11.2020 № 48-1 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. Жергілікті атқарушы органдарға қарасты мемлекеттік мекемелер ұсынатын қызметтер мен тауарларды өткізуден түсетін ақшалар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі және Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған тәртіпте пайдаланылады.

7. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілген 32 423 мың теңге бюджеттік кредиттерді және облыстық бюджеттен берілген 36 мың бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар өтеу көзделсін.

8. Облыстық бюджеттен 2020 жылы аудандық бюджетке берілетін субвенция көлемі 3 322 980 мың теңге болып белгіленсін.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 11.12.2020 № 50-1 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

9. 2020 жылға арналған аудандық бюджетке төмен тұрған бюджеттен бюджеттік алымдар қарастырылмайды деп белгіленсін.

10. 2020 жылы аудандық бюджеттен төмен тұрған бюджетіне берілетін субвенция көлемі 426 498 мың теңге болып белгіленсін, оның ішінде:

- Жәнібек ауылдық округіне - 249 958 мың теңге;
- Ақоба ауылдық округіне - 20 681 мың теңге;
- Ұзынкөл ауылдық округіне - 19 981 мың теңге;
- Күйгенкөл ауылдық округіне - 20 881 мың теңге;
- Тау ауылдық округіне - 21 006 мың теңге;
- Қамысты ауылдық округіне - 21 166 мың теңге;
- Борсы ауылдық округіне - 19 760 мың теңге;
- Жақсыбай ауылдық округіне - 22 979 мың теңге;
- Талов ауылдық округіне - 30 086 мың теңге.

11. Алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 11.12.2020 № 50-1 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

12. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленген мамандар лауазымдарының тізбесіне сәйкес, ауылдық жерлерге жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласының азаматтық қызметшілеріне қызметтің осы түрлерімен қалада айналысатын азаматтық қызметшілердің мөлшерлемесімен салыстырғанда лауазымдық айлықақылар 25%-ға көтеру көзделсін.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 21.08.2020 № 46-2 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

13. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көзделсін.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 21.08.2020 № 46-2 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

14. 2020 жылға арналған жергілікті бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

15. Жәнібек аудандық мәслихаты аппаратының басшысы (Н.Уәлиева) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

16. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

С. Стамов

Т. Кадимов

Жәнібек аудандық мәслихаттың

2019 жылғы 30 желтоқсандағы

№38-1 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 11.12.2020 № 50-1 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

МЫҢ ТЕҢГЕ

Санаты					Сомасы
Сыныбы					
Кіші сыныбы					
Ерекшелігі					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				1) Кірістер	5 999 184
1				Салықтық түсімдер	326 467
	01			Табыс салығы	179 226
		1		Корпоративтік табыс салығы	72 000
		2		Жеке табыс салығы	107 226
	03			Әлеуметтік салық	134 180
		1		Әлеуметтік салық	134 180
	04			Меншікке салынатын салықтар	7 638
		1		Мүлікке салынатын салықтар	7 131
		5		Бірыңғай жер салығы	507
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	4 423
		2		Акциздер	500
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 500
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1 423
	08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1 000
		1		Мемлекеттік баж	1 000

2				Салықтық емес түсімдер	16 415	
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	13 415	
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	13 415	
	06			Басқа да салықтық емес түсімдер	3 000	
		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	3 000	
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	953	
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	500	
		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	500	
	03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	453	
		1		Жерді сату	453	
4				Трансферттердің түсімдері	5 655 349	
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5 655 349	
		2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5 655 349	
Функционалдық топ						
Кіші функция						
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				Сомасы
		Бағдарлама				
			Атауы			
1	2	3	4	5	6	
				2) Шығындар	6 426 820	
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	265 984	
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	134 078	
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	25 479	
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	25 479	
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	108 599	
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	83 803	
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	19 200	
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	5 596	
	2			Қаржылық қызмет	714	
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	714	
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	444	
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	270	
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	131 192	
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	19 274	

		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 274
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	85 182
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 939
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	65 143
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	26 736
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 736
02			Қорғаныс	22 778
	1		Әскери мұқтаждар	3 405
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	3 405
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	3 405
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	19 373
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	19 373
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	15 853
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	3 520
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	9 796
	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	9 796
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9 796
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	9 796
04			Білім беру	2 798 400
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	164 708
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	164 708
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	164 708
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2 532 629
		457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	63 719
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	63 719
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 342 752
		003	Жалпы білім беру	2 236 644
		006	Балаларға қосымша білім беру	106 108

	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	126 158
	021	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	126 158
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	101 063
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	101 063
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 262
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	71 100
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	279
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	2 281
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 885
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	14 256
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	517 706
1		Әлеуметтік қамсыздандыру	200 578
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	198 025
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	198 025
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 553
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	2 553
2		Әлеуметтік көмек	291 914
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	291 914
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	177 473
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	1 594
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	42 140
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	628
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	26 173
	017	Оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	15 116
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	28 790
9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	25 214
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	25 214
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 679

		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	3 640
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	1 895
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	673 519
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	178 069
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	43 649
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	6 764
		070	Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеу	36 885
		466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	134 420
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	134 400
		004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	20
	2		Коммуналдық шаруашылық	482 231
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	45 873
		048	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	45 873
		466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	436 358
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	55 900
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	380 458
	3		Елді-мекендерді көркейту	13 219
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13 219
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 690
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	200
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	10 329
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	426 280
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	227 994
		457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	227 994
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	227 994
	2		Спорт	3 607
		457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	3 607
		009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	984
		010	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	2 623
	3		Ақпараттық кеңістік	99 187
		456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	11 950

		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	11 950
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	87 237
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	87 226
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	11
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	95 492
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	34 183
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 022
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	20 161
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	61 309
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 737
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	45 572
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	34 402
	1		Ауыл шаруашылығы	1 880
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	1 880
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 880
	6		Жер қатынастары	14 621
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	14 621
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 621
	9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	17 901
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	17 901
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	17 901
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	25 938
	2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	25 938
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	25 938
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18 287
		013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	7 651
12			Көлік және коммуникация	1 099 503

1		Автомобиль көлігі	1 092 174
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 092 174
		022 Көлік инфрақұрылымын дамыту	17 744
		023 Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	104 445
		045 Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	114 754
		051 Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	855 231
9		Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	7 329
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	7 329
		037 Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	7 329
13		Басқалар	12 428
	9	Басқалар	12 428
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	948
		012 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	948
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	11 480
		041 Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	11 480
14		Борышқа қызмет көрсету	36
	1	Борышқа қызмет көрсету	36
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	36
		021 Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	36
15		Трансферттер	540 050
	1	Трансферттер	540 050
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	540 050
		006 Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	6 726
		038 Субвенциялар	426 498
		049 Бюджет заңнамасымен қарастырылған жағдайларда жалпы сипаттағы трансферттерді қайтару	72 228
		054 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	34 598
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	39 154
		Бюджеттік кредиттер	71 577
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	71 577
	9	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	71 577
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	71 577
		018 Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	71 577

Санаты					Сомасы	
Сыныбы						
Кіші сыныбы						
Ерекшелігі						
Атауы					6	
1	2	3	4	5		
Бюджеттік кредиттерді өтеу						32 423
5	Бюджеттік кредиттерді өтеу					32 423
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу			32 423	
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу			32 423
Функционалдық топ					Сомасы	
Кіші функция						
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі						
Бағдарлама						
Атауы					6	
1	2	3	4	5		
4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо						0
Қаржы активтерін сатып алу						0
Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер					0	
5) Бюджет тапшылығы (профициті)					-466 790	
6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)					466 790	
Санаты					Сомасы	
Сыныбы						
Кіші сыныбы						
Ерекшелігі						
Атауы					6	
1	2	3	4	5		
7	Қарыздар түсімдері					353 960
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар				353 960
		2	Қарыз алу келісім-шарттары			353 960
Функционалдық топ					Сомасы	
Кіші функция						
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі						
Бағдарлама						
Атауы					6	
1	2	3	4	5		
Қарыздарды өтеу						32 423
16	Қарыздарды өтеу					32 423
	1	Қарыздарды өтеу			32 423	
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі			32 423

			005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу		32 423	
Санаты							Сомасы
	Сыныбы						
	Кіші сыныбы						
		Ерекшелігі					
			Атауы				
1	2	3	4	5			6
				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары			145 253

Жәнібек аудандық мәслихаттың
2019 жылғы 30 желтоқсандағы
№38-1 шешіміне
2-қосымша

2021 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 31.03.2020 № 41-1 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

МЫҢ ТЕҢГЕ

Санаты					Сомасы
Сыныбы					
	Ішкі сыныбы				
	Ерекшелігі				
		Атауы			
1	2	3	4	5	6
				1) Кірістер	3 837 526
1				Салықтық түсімдер	505 129
	01			Табыс салығы	251 379
		1		Корпоративтік табыс салығы	99 446
		2		Жеке табыс салығы	151 933
	03			Әлеуметтік салық	119 972
		1		Әлеуметтік салық	119 972
	04			Меншікке салынатын салықтар	127 824
		1		Мүлікке салынатын салықтар	125 425
		5		Бірыңғай жер салығы	2 399
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	4 864
		2		Акциздер	545
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 727
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1 592
	08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1 090

	1	Мемлекеттік баж	1 090
2		Салықтық емес түсімдер	14 708
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	11 240
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	11 240
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	3 468
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	3 468
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1 699
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	525
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	525
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	1 174
	1	Жерді сату	1 174
4		Трансферттердің түсімдері	3 315 990
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 315 990
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 315 990

Функционалдық топ					Сомасы
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				2) Шығындар	3 837 526
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	163 909
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	99 622
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	23 178
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	23 178
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	76 444
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	76 444
	2			Қаржылық қызмет	1 600
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 600
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	600
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 000
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	62 687
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	18 082

		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 082
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	22 114
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22 114
